

Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ

14.04.2023 жыл
Сағ: 15.00

№6

Бейнеу ауылы

Өткізілген жері: Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы.

Қатысқандар: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиев, «Бейнеуэнергосервис» МКК директоры Ж.Орынбаев, «Бейнеусусервис» КМК директорының орынбасары.

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің 10 (он) мүшесі қатысып отыр. Қалған 5 (бес) мүшесі белгілі себептермен қатыса алмай отыр. Қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны отырысты ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан отырыс ашылсын деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса отырысты ашық деп жариялаймын.

Отырыстың күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып отыр:

1. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының 2023 жылдың 1-тоқсанында атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысын тыңдау.
2. «Бейнеусусервис» КМК-ның 2023 жылдың 1-тоқсанында атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысын тыңдау.
3. «Бейнеуэнергосервис» МКК-ның 2023 жылдың 1-тоқсанында атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысын тыңдау.

Күн тәртібіндегі мәселелерге қосып алатындарыңыз бар ма?

Жоқ болса, күн тәртібі бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеміз.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиевке сөз беріледі.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиев: Филиалдың Бейнеу аудандық газ шаруашылығында газ көзіне қосылған жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, кәсіпорындар және мемлекеттік мекемелерді қосқанда **15010** тұтынушы бар. Оның **14220-ы** жеке

тұлғалар болса, 790-ы заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлер, кәсіпорындар және мемлекеттік мекемелер). 790 дана заңды тұлғалардың 49-ы қазіргі таңда табиғи газ пайдаланбайды (өздерінің өтініштері бойынша газ алуды тоқтатқан, газ жеткізу шарты бұзылған).

Жалпы аудан бойынша газ-құбырларының ұзындығы – **561,720** шақырымды құрайды. Оның ішінде жоғарғы қысым – **19,880** шақырым, орта қысым – **97,590** шақырым, төмен қысым – **444,250** шақырым.

Филиал балансына тиісті – **391,740** шақырым болса, қалған **169,979** шақырымы сенімгерлік басқару шартына сәйкес.

Табиғи газдың бағасы жөнінде қысқаша ақпарат

Р.с.	Күні	Жеке тұлға	Ескертпе	Заңды тұлға	Ескертпе	АӘК алатындар
1	01.07.2022ж	12,19тг		26,20тг		9,76тг

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Бейнеусервис» КМК директорының орынбасарына сөз беріледі.

«Бейнеусервис» КМК директорының орынбасары: Бүгінгі таңда аудан тұрғындарының 95,0-% орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған.

Сарға, Сам, Ноғайты, Тұрыш ауылдарына автокөліктермен ауыз су тасымалданады. 1 водавоз (4 м3) судың құны 500 теңге.

«Бейнеусервис» КМК-ның «Магистральды суағызғымен» 2022 жылға бекітілген ауыз су лимиті - **2 352 377 м³**,

2023 жылы бекітілген ауыз су лимиті - **2 625 574 м³**.

Мемлекеттік «Ақбұлақ» бағдарламасымен салынған кентішілік құбырдың жобасына кірмей қалған К.Боқанұлы көшесіне су желісін тартуды және көпқабатты тұрғын үйлердің жертөлесіндегі жиналған сарқынды суды шығаруды жоспарлап отыр.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Бейнеуэнергосервис» МКК директоры Ж.Орынбаевқа сөз беріледі.

«Бейнеуэнергосервис» МКК директоры Ж.Орынбаев: Бейнеу ауылы ішіндегі электр бағаналары бойынша тұтынушылардың өтініші негізінде тозығы жетіп жарамсыз болуына байланысты 60 өтініш түсті. Оның ішінде 37 бағана ауыстыру жоспарланып отыр.

Тұрғындардың сұранысы бойынша Қалнияз көшесіне жаңадан трансформатор орнату жоспарлануда.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыларға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиевке, «Бейнеуэнергосервис» МКК директоры Ж.Орынбаевқа, «Бейнеусервис» КМК директоры орынбасарының атқарған жұмыс нәтижелерінің қорытындыларына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиевтің, «Бейнеуэнергосервис» МКК директоры Ж.Орынбаевтың, «Бейнеусусервис» МКК директоры орынбасарының атқарған жұмыс нәтижелерінің қорытындыларына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Қарар қабылданды:

Құрметті отырысқа қатысушылар, Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді толықтай қарап келесідей қарар етеді:

1. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 – бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиевке, «Бейнеуэнергосервис» МКК директоры Ж.Орынбаевқа, «Бейнеусусервис» МКК директоры орынбасарының атқарған жұмыс нәтижелерінің қорытындыларына қанағаттанарлық деген баға берілсін

2. Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан түскен ұсыныстар қаперге алынсын.

3. Хаттаманы жолдау Қоғамдық кеңестің хатшысы Қ.Бортановаға жүктелсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Т.Амалбаев

Қоғамдық кеңес хатшысы



Қ.Бортанова